

**ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ  
«ФИЛОСОФИЯ» КАФЕДРАСЫ**

**5B020100 «Философия» мамандығына арналған**

**«САЯСАТ ФИЛОСОФИЯСЫ»  
пәні бойынша**

**ДӘРІСТЕР**

Сулейменов Пірімбек Мұханбетұлы

**Алматы, 2022**

## **№1 Дәріс. Саясат философиясы пәні: қалыптасуы дамуы**

**Дәрістің мақсаты:** Студенттерге саясат философиясындағы саяси ойдың дамуын, саясат әлемін талдай білуге, оны философиялық тұрғыда қарастыруға, саяси әлемнің мәнді жақтарын ашып көрсету негізделген.

### **Дәріс жоспары:**

1. Саясат философияның негізгі бастаулары
2. Саясат философияның мәні мен мазмұны
3. Саясат философияның зерттеу объектілері
4. Саясат философиясының даму ерекшелігі

Дүниетанымның негізгі сұрақтарына жауап іздеуде адамзат қоғамы және антикалық дәуір ойшылдары саясат, билік, мемлекет, заңдылық мемлекетті басқару т.б. сынды проблемаларды назарларынан тыс қалдырмады. Олар аталмыш проблемаларға салмақты мағына берді. Мысалы; Аристотель жазады: «Егер барлық ғылым мен өнердің түпкі мақсаты игілік болса, онда жоғарғы игілік барлық ғылым мен өнердің шыңы саясат». Антикалық ойшылдар еншісінде біздің зерттеп жүрген ғылым айналымындағы саяси идеялар мен теориялар және саяси феномен болып табылатын қажетті ұғымдар жатады.

Адамзат қоғамының өзіндік қалыптасуы жайлы антикалық кезеңінде Платон мен Аристотель бастап берген басқару формасының классификациялық жүйесі басты дәлел болып табылады. Платон көне грекиядағы қала-мемлекет типтерін бөліп қарастырады: Платон мемлекеттік басқару түрлерінің құрылымдарын адам бойындағы қасиеттермен салыстыра отырып түсіндіреді. Егер адам рухына саналы, тасқынды, шабытты сияқты үш негізгі қасиеттер сәйкес келсе, мемлекетте соған сәйкес келісімді, қорғаушы және іскер деп бөлінеді. Оның айтуы бойынша адам рухының бес түрлі құрылымының, оның қандай бастау үстемдік ететініне байланысты, соған сәйкес мемлекеттің бес түрін- аристократия, тимократия, алигархия, демократия және тирандық деп бөліп көрсетеді.

**Аристократия.** “Бұл әділетті, парасатты, батыл” жетілген мемлекет түрі және оған осы қасиеттерге ие аристократиялық адамдар сәйкес келеді.

**Тимократия** (гректің “time” “намыс” деген сөзінен шыққан)- атақ-құмарлыққа негіз сыни құрылыс түрі. Ол аристократиялық құрылымның құлдырауынан пайда болады. Платонның айтуынша тіпті аристократиялық сияқты күшті мемлекеттің өзі де мәңгі емес, ол да құлдырайды. Мемлекетте екіге бөліну басталады: біреулері арам пайда табуға ұмтылса, екіншілері бұрыңғы әділетті мемлекет құрылымын сақтап қалғысы келеді. Олардың бақталастығы ортақ келісімге яғни, жерге және үйге жеке меншік орнатуға алып келді. Жамандық пен жақсылықтың толық араласуының нәтижесінде араласқан құрылым тимократия пайда болады. Бұл құрылымның белгісіз аздап аристократияға, аздап алигархияға еліктеу, бұл құрылымда тік және ақкөңіл адамдар болмайды, мемлекетті ақылды адамдар емес, соғысу үшін туылған

адамдар басқарады. Типократиялық адам аристократиялыққа қарағанда «қаталдау», өз құлдарын жек көрмесе де оларға қатал қарайды; сондай-ақ ол өзімішіл және мақтаншақ, олардың ойынша билікті қалаудың негізі шешендікте емес, батырлық жаугершілікте. Бұндай мемлекет өмір бойы соғысып өтеді.

**Олигархия**- бұл басқарудың түрінде тек байлар билік етеді. Байлықтың жинақталуының нәтижесінде құрылады. Бұндай мемлекетте бірлік болмайды; “ол кедейлер мен байлар мемлекеті деп екіге бөлінгендей”, олардың күндері тек бір-біріне қастандық жасаумен өтеді. Олигархия соғысқа нашар бейімделген, сонымен қатар олар соғысқа шығындалғысы келмейді. Олигархияда билеушілерді санамағанда бәрі кедей, сондықтан да бұндай мемлекеттік құрылымда қылмыс жасау қарқынды өсуде. Олигархиялық адам- тимократиялық адамның құлдырауы мен адамгершілік-психологиялық құлдыраудың нәтижесі.

**Демократия.** Бұндай құрылым келесідей оқиғаларға байланысты қалыптасады. Көптеген адамдар қарызға батып, одан құтылу үшін нәтижесінде ұзаққа созылған құлдарға айналады. Мүліктен немесе құқықтан айрылған немесе барлығынан айрылған, билеушілерге қатысты өшпенділік пен жек көрушілікке толы қарызға батқан адамдар билеушілеріне қарсы төңкеріс ұйымдастырады. Егер осы төңкерісте кедейлер жеңіске жетіп, өздерінің жауларын құртса, демократиялық тәртіп орнайды. Демократия толық еркіндік пен шындықпен сипатталады; бұл құрылымда әркім өз өмірін өзінің қалауынша орнатады, ал адамдар әртүрлі. Сатып алынған құлдар өздерінің сатушыларымен бірдей болып, әйелдер мен еркектер арасындағы қарым- қатынас теңейіп, міндетті және мәжбүрлі нәрселерге адамдар наразылық тудырып, олар заң алдында есеп беруді қояды, бұның барлығы бұл құрылымды бұрмалап, осыдан тирандық құрылымның орнауына алып келеді.

**Тирания**- бұл заңсыз басқару түрі және ол үш басқару түрінің әрекеттесуі нәтижесінде пайда болады. Бұл құрылымның билеушісі мүлігі барлардан бәрін тартып алып, оны халқына таратып беру мүмкіндігі бар, алайда тартып алынған мүліктің көп бөлігін өздеріне қалдырып қояды. Осындай билікті басқаратын адамдар қатыгез болып келеді және оған қарсы шыққандардың барлығын да өз жолынан құртады.

Платонның дәстүрін жалғастыра отырып Аристотель өзінің типологиясында мемлекетті басқару бір немесе азшылықтың, көпшіліктің күзіретінде болады дейді. Аристотель бойынша біреудің басқаруы – монархия немесе патшалық билік, азшылықтың басқаруы – аристократия, көпшіліктің басқаруы – полиция. Оларды ығыстыру бір басқарушының мүддесін қорғау тиранияға сәйкес келеді, олигархия – бахуатты азаматтарды және демократия – мүлкі жоқ азаматтарды қорғайды. Платон мен Аристотельден кейін Полибий мемлекетті басқарудың алты формасын атап көрсетеді: патшалық, тирания, аристократия, олигархия, демократия, охлократия (бұқара билігі) уақыт өте патшалық билік орнайтын, т.б.

Бірақ көне грекия тарихын тұтасымен алғанда, Афина мен Спартаның гүлдену кезеңіндегі, демократиялық және олигархиялық мемлекеттердің күресін айтамыз. Дегенмен, барлық антикалық басқару жүйесі өзіндік принциптерге негізделді және кейінгі орта ғасырлар мен Жаңа заман кезеңіндегі басқару формаларынан айырмашылығы болды. Аталмыш көзқараспен қарайтын болсақ, Платон ұсынған идеалды мемлекет Спарта мен Афиналықтар ұсынған эллиндік демократия модельдерін салыстыру маңызды.

Саясат философиясы бір уақытта саяси әлемді тану теориясы ретінде болатынын айта кеткен жөн, яғни саяси эпистемология және саяси болмыс туралы ғылым ретінде қалыптасқан. Бірінші сатыда ол саяси әлемнің рухани және дүниетанымдық аспектілерін зерттеуге арналған ерекше пән ретінде қарастырылады.

Саясат философияның негізгі құрамдас элементтерінің, сипаттамасына қатысты көптеген анық емес жағдайлар баршылық. Оған қоса, оның пайда болу хронологиясы, теориялары, идеологиялары, саяси әлемдегі алатын орны да белгісіз. Саясат философия дегеніміз не? Деген сұрақтың өзіне де нақты жауап жоқ.

Сондықтан да саясат философияның негізін қалаушы атасы және қазіргі кездегі жақтаушысы ретінде кімді айтуға болатындығы да айқын емес. Бұған мысалы, «Саяси философияның тарихы» атты фундаменталды еңбектің авторлары Фукидид, Платон, Ксенофонт, Аристотель, әулие Августин, Аль-Фараби, Фома Аквинский, Макиавелли, Мартин Лютер, Гуго Гроций, Рене Декарт, Джон Локк, А.Смит, Г.В.Ф. Гегель, Карл Маркс, Ф.Ницше, Э.Гуссерль, М.Хайдеггер және т.б. айтуға болады. Олардың арасынан таза философтарды, заңгерлерді, саяси экономистерді, тарихшыларды байқауға болады. Жиі саясат философиясы мен саяси теорияны шатастырады. Кейде оларды синоним деп те айтады. Екеуі де «саяси идеология» мағынасына ұқсас.

Құндылықтарды қайта бағалау мен парадигмаларды ауыстыру кезінде саясат философияның нақты қашан пайда болғандығы туралы сұрақ туындайды. Осы сұраққа жауап іздеу барысында, көптеген зерттеушілер антикалық ойдың негізін қалаушы аталарына жүгінетін. Шынымен де, саяси әлемге көнелік қоғамдық ойдың Платон, Аристотель, Цицерон және т.б. сияқты өкілдері аса қызығушылық танытқан. Сол кезде, одан кейін де шешен атпен «Саясат», «Мемлекет», «Заңдар», «Республика», «Патша» атты кітаптар жарық көрген. Осыдан келіп шығып, көптеген қазіргі заманғы зерттеушілер саяси философияны антикалық дәуірге жатқызуға болатындығын айтады. Американдық саяси ғылымның жетекші өкілінің бірі Дж. Кэтлин Сократты батыстық саяси философияның «өкіл әкесі» деп айтқан. Ағылшындық политолог Н.Берри Платонның «Мемлекет» атты еңбегін саяси философиядағы «ең белгілі және ең алғашқы жүйелі трактат» ретінде қабылдайды. Ш.Уолиннің айтуы бойынша, саяси философияны және өз саласындағы табиғатының саяси демаркациясын ойлап тапқан гректерге алғыс айтуымыз керек. К.Поппердің де осы мәселеге байланысты ұстанымы

бойынша, Платон, Конт, Милль және Спенсер әлеуметтану терминін қалай қабылдаса, ол да дәл солай қабылдады дейді.

Қазіргі кездегі ірі саяси философ ретінде бұл тезисті негіздеген ғалым Л.Штраус болып табылады. Дәстүрге сүйене отырып, саяси философияның негізін қалаушы Сократ деді. Оның ойы бойынша, Платон мен Аристотельдің еңбектері саяси философияға қатысты бізге жеткен еңбектердің ішіндегі ең көнесі. Штраус схемасы бойынша, саяси ғылымды риторикамен теңестіруге қарсы шыға отырып, саяси философия классиктері ғылымды жеке пән дәрежесіне дейін көтеріп, осылайша, саяси ғылымның негізін қалаушыларға айналды.

Оның құрамына саяси онтология, аксиология, эпистемология, әдістеме кіреді. Екінші сипатында бұл саяси әлемнің дүниетанымдық, нормативті және құндылық негіздері, саяси, мемлекеттік, билік және т.б. идеялар қалыптасатын, адамдардың рухани қызметі саласы болып табылады. Саясат философиясы саяси әлем мен философияға қатысты мәселелерді талдай отырып, философия мен саяси ғылымның арақатнасын зерттейді. Бір жағынан саяси философия жалпы философияның бір бөлігі болып табылады. Сонымен қатар тарихи дамудың белгілі бір кезеңінде өзіндік феномен ретінде, ол жалпы философиядан шыққан. Екінші жағынан ол саяси ғылыммен тығыз байланысты және өзінің жеке аспектілерінде соңғысына өзіндік бөлім ретінде енеді. Сондықтан олардың тағдырлары философияның да саяси ғылымдардың да тағдырларымен байланысты. Сонымен қатар оның әлеуметтану және саяси әлеуметтанумен белгілі бір жанасу нүктелері жоқ. Саясат философияның мәні мен мазмұнын ашу үшін философияның негізгі мәндік сипаттарын алу керек. Соңғысының мақсаты – мән туралы шындық пен болмыстың мағынасын іздеу. Гегель өзінің негізгі үш томдық «Философия тарихы бойынша лекция» еңбегінде бұл түсініктердің қарама-қайшы екенін ескерткен. Философия мақсаты – ақиқатты, яғни тұрақты, мәңгіні тану. Тарих бір кезде болып сосын жоғалып кеткенді зерттейді. Егер «философияның тарихы болса, тарих бұрын болған бірқатар танып білудің көрінісі, одан ақиқатты табуға болмайды, өйткені ақиқат өткен шақта емес». Гегелдің ойлары саяси философияға қатысты да дұрыс. Өйткені саяси әлем үшін динамизмнің жоғарғы деңгейі тән. Бұл көптеген феномендердің, процестердің, жағдайлардың эфемерлі және жылдам болғаны сонша зерттеуші кейде ақиқат емес себептік байланыстарды да анықтап үлгермей қалады. Гегель айтқандай философия тарихында қайшылық жоқ, өйткені әр ғылым сияқты философияның да ішкі және сыртқы тарихы болады, «пайда болу, тарау, даму, құлдырау және қайта жандану тарихы». Сол сияқты ішкі және сыртқы аспектісі болған саяси философияның түсінігінде де қайшылық жоқ. Саясат философиясы саяси ғылым мен философия арасындағы қиылыста орналасқан дегенді айта отырып, саяси әлемнің күрделілігін білдіреді. Бұл жерде ол барлық саяси әлемнің жасырын қағидасын зерттеуге арналған. Ол саяси феномендердің табиғатына назарын аударады. Э.Гуссерлдің айтуынша, саяси әлемнің «морфологиялық мәні». Сыртқы аспектіні формалар мен фактілер құрайды. Сондықтан саяси философияның

орталығында мемлекет пен биліктің, оның мақсатының, олардың адам табиғатына қатысының мәні туралы мәселе тұрады. Ол мысалы мемлекет пен билікті ең алдымен әлеуметтік феномендер ретінде, мақсаты жалпы мүддені жүзеге асыру болып табылатын, қоғамның саяси ұйымдар институты ретінде талқылауға арналған. Бұл жерде барлық саяси теориялардың негізі болып, Платонның «Кім басшылық ету керек?» немесе «Қоғамда кімнің еркі жоғары тұру керек?» деген сұрақ табылады. Бұл сұрақтың әр түрлі жауаптары бар дейді: Жаратушының еркі, тарихтың, мемлекеттің, халықтың, көпшіліктің, сыныптың, партияның және т.б. еркі. Сұрақ басқаша болуы да мүмкін: кім басқару керек, қалай, неге және кімнің мүддесіне? және т.б. Жауабына байланысты осындай сұрақтар саяси жүйенің негізгі параметрлері қалыптасады. Дегенмен кез келген саяси феноменді, мысалы басқа феномендерден бөлініп алынған биліктің түсінігін қалыптастыру мүмкін емес. Оның мәнін анықтау үшін «мемлекеттің» түсінігінің мазмұнын анықтау керек, ал ол үшін өз кезегінде «саяси» мағынасын анықтау керек. Билікті талдаған кезде көптеген әдістер қолданылады, олардың әрқайсысының ақиқат туралы өз түсініктері бар, бірақ адами, әлеуметтік феномен ретіндегі билік табиғаты туралы мәселені жақшаның ішінде қалдырады. Әр түрлі әдістер мен зерттеу тәсілдерін қолдана отырып саяси ғылым саяси әлемдегі билік пен билік қатынастарының орны, қызметін, олардың басқа саламен байланысын анықтауға арналған.

Саясат философиясына келер болсақ, ол биліктің табиғаты мен мақсатын анықтауға арналған. Оның ішкі жағы – абстрактілі, идеалды категорияларды сипатталатын билік феноменінің мәні. Гегель осыған байланысты: «уақытша мен өтпелінің көрінісінде осы шақта болатын, мәңгі, имманентті болып табылатын субстанцияны тану». Б.Кроче айтуынша: философия тарихтың құрамында оның талқылау пәні ретінде болады. Көбіне саясат адам өмірінің маңызды саласы ретінде құрамында өз философиясын қарастырады. Саяси әлемде объективтік болмыс пен абстрактілі идеалды болмыс болады. Соңғысы Э.Гуссель айтқандай саяси әлемнің «жасырын ақылы». Ол идея түрінде болады – өзінің ішінде және өзі үшін. Саяси болмыс – анық немесе анық емес формада кез келген адами қоғамның интегралды бөлігін құрайды. Жаңа заманға дейін, азаматтық қоғам мен саяси әлемнің адам қоғамдастығының өзіндік салаларына бөлінуі басталғанда, ол адам болмысының басқа аспектілерімен тығыз байланысты болды.

Саясат философияның мақсаты саяси әлемнің негізінде жатқан ойлар, постулаттар, қағидалар, теориялар, идеяларға қол жеткізу. Т.Гоббс: «философияда анықтамалар анықталған атуардан кейін болады. Философияны оқығанда анықтамалардан бастайды және ары қарайғы күрделі заттар туралы білім алу процесі синтез, түсініктерді қосу арқылы жүзеге асады». Сондықтан, саяси философияның маңызды қызметі саяси ғылымның тілі мен түсінік категориялық аппаратын жасауда. Түсінік белгілі бір құбылыстарды білдіре отырып, әлемдегі қазіргі кезде маңызды болып саналатын ерекшеліктерді бөліп көрсетуге арналған. Мысалы, физикадағы атомдар, протондар, нейтрондар және т.б. түсініктер бір ғана мазмұнға ие

болулары керек және зерттеушілерді бір ғана құбылысқа бағыттауы керек. Философияда түсінік хаосы мүмкін емес, өйткені мұндай жағдайда түсініктер философиялық теориялық білімнің трансмиссиясы және интерпретациясы, жиналуына қызмет көрсете алмайды.

Саясат философиясы басқа әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдардағы сияқты абстракция маңызды орынға ие. Әсіресе ол құбылыстарды бейнелей отырып, белгілі бір контекстпен, нақты орындармен және уақытпен байланысты болмайтын түсініктерде көрініс табады, әр түрлі абстрактілік деңгейімен сипатталады. Философияда абстрактілі түсініктер шешуші роль атқарады, өйткені ол нақты жағдайлардың шекарасынан өткенде ұқсас жағдайлардың жалпы мазмұнын көрсетеді. Бірақ теория абстрактілік түсініктермен бейнеленетін, құбылыстардың өзгермелі мазмұнына қатысы бар түсініктерсіз болмайды. Әр түрлі түсініктер арасындағы қатынастарды анықтамай тұрып, жағдайларды түсіндіру, болжау мүмкін емес. Саясат философиян құрайтын идеялар, теориялар, қағидалар түсініктердің пікірлерге топтасуы нәтижесінде ғана мүмкін. Пікірлердің өз формасы бойынша бір бірінен айырмашылығы болуы мүмкін.

Саясат философияның мақсатына нақты саяси түсініктердің мазмұнын талқылау кіреді. Бұл көзқарас тұрғысынан саяси философияның ұлттық мәдени және қоғамдық тарихи нақтылыққа сай болатын, негізгі түсініктерін дұрыс талқылау маңызды болады. Мысалы «демократия» сөзі грекше «халықтың билігі» дегенді білдіреді. Осы түсінікке байланысты демократияның маңызды белгісі әр елдің халқын жоғарғы билік иесі ретінде тану. Бірақ демократияның мағынасы бұрынғы кезде және қазіргі кезде басқа басқа. Сонымен қатар халық түсінігі әр заманда әр түрлі мағынаға ие болып отырды. Антика кезінде бұл кейде тұрғындардың көпшілігін құрай бермейтін ерікті азаматтарды білдірді. Рим империясында халық ретінде рим азаматтары ғана саналды. Империя аумағында өмір сүрген көп халық азат бола тұра *populus romanae* тиесілі болмағандықтан, бұл мәртебеге ие бола алмады. Демократияның қазіргі және антикалық белгілерін салыстырсақ, олардың арасында айырмашылықтарды көреміз. Батыс пен шығыстың демократия туралы түсініктері әр түрлі. Демократия тоталитарлы және авторитарлы болады деген мәселені қарастыру маңызды. Бірақ бұл анық түсініспеушілік. Билік формалары тұрғысынан демократия мен тоталитаризм билікті жүзеге асыру және ұйымдастырудың қарама қайшы түрлері. Жоғ арыда айтылғанның барлығы либерализм, консерватизм, радикализм және т.б. сияқты саяси философиялық түсініктердің көбіне қатысты, олардың мазмұны тұрақсыз саяси және әлеуметтік процестерге байланысты өзгеріс тапқан. Абстракцияның мақсаты шындықты оның мәнін өзгертпей қарапайым етуде. Егер көпшілік әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдарда абстракция *a posteriori* болса, саяси философияда ол – *priori*. Гегелдің айтуынша философия шынайыға қол жеткізу. Бұл жерде саяси философия назарын іс жүзіндегі саяси әлемге аударады. Өзінің «құқық философиясы» кітабының мәнін түсіндіре отырып Гегель былай деді: «Бұл жұмыста мемлекет туралы ғылым болғандықтан, ол мемлекетті саналы етіп

бейнелеуге тырысады. Философиялық шығарма ретінде ол іс жүзінде болу керек мемлекетті құраудан алыс; ол жердегі білім іс жүзінде болу керек мемлекетті алуға бағытталмаған; мемлекетті тануға арналған».

Бұл жерде Гегелмен келісе отырып, бұл тезис құқықтың философиялық мәселелеріне қатысты дұрыс екенін, саяси философияға қатысты ескертулер қажет екенін айта кету керек. Саяси философия мақсаты жақсылық пен жамандық, шынайы және идеалды, әділетті және әділетсіз сияқты атрибуттарымен саяси заттардың табиғатын анықтауда. Л.Страусс айтқандай саяси философия олардың табиғаты туралы біліммен саяси заттардың табиғаты туралы ойды ауыстыруға талпынысты білдіреді. Саяси заттар туралы білімге интерпретациялар, субъективтік бағалар жатады. Құрамына теориялардың, идеялардың, концепциялардың кешені кіретін саяси философияның басты мақсатының бірі белгілі бір саяси тәртіпті легитимдеу немесе делегитимдеу. Мұндай философия жалпыға ортақ саяси нормалар мен құндылықтардың шын немесе жалған екенін анықтауға арналған, сондықтан ол әрқашан саяси тәртіптің басқарушы концепцияларынан күдіктенеді. Бұл философия саяси дамудың магистралдық сызығын анықтауға арналған. Бұл көзқарас тұрғысынан Э.Берк дұрыс айтқан: философ теоретиктің ісі – мемлекеттің нағыз мақсатын көрсету; саясаткер тәжірибешінің мақсаты – осы мақсатқа жету құралдарын тауып, оларды сәтті пайдалану.

Саяси ойлар мен философияның құрамдас бөліктері: мемлекеттік саяси құрылымның жетілген альтернативасын ұсынатын, әр түрлі саяси утопиялар. Сондай-ақ, ұлы философ Платон – утопиялық мемлекет моделін құрды, оның «мемлекет» еңбегі саяси философиялық шығарма ретінде қарастырылады. Жоғарыда айтылғандай, саяси әлем мен философия моралдық этикалық бастамалармен толықтырылған. Осыдан саяси философияның, саяси әлемнің аксиологиялық аспектісіне қатысы болмауы мүмкін емес. Сонымен қатар, саяси аксиологияны саяси философияның өзіндік бір бөлігі ретінде қарастыруға болады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Смирнов Б.А. Политическая сфера общества. М., 2010
2. Поздняков Э.А. Философия политики. М., 2014
3. Дугин А.Г. Философия политики М., 2012
4. Анджей Шахай, Марек Якубовски. Философия политики. М., 2011
5. Гаджиев К.С. Политическая философия. М., 2009
6. Панарин А.С. Философия политики М., 2008
7. Пернацкий В.И. Философия политики и права. Учебное пособие. М., 2012
8. Касымжанов А.Х. Портреты: Штрихи к истории Степи Вып. 1 Алматы: Ун-т "Кайнар", 1995
9. Сегизбаев О.А. Казахская философия XV-XX века. Алматы: Ғылым, 2001
10. Әлемдік философиялық мұра. 20 томдық. – Алматы, 2005-2008
11. Батыс философиясы: бастауынан бүгінгі күнге дейін: оқулық / Дж. Реале, Д. Антисери ; ред. Т. Х. Ғабитов. – Алматы., 2012.



12. Мырзалы С.Философия– Алматы, 2008.
13. Хасанов М. Петрова В.Джамбаева Б. Философия. А.,2014ж
14. Татьяна Хвостовицкая. Philosophy and Politics / Философия и политика. М.,2009
15. Гуторов В.А. Философия политики за рубежом тысячелетий : судьба классической традиции. Полис. 2001
16. Василенко И.А. Политическая философия. М.,2004. 204-с
17. Гобозов И.А. Философия политики. 1998. - 154 с
18. Каспэ С. Политическая форма и политическое зло. 2016. — 216 с
19. Макаренко В.П. Аналитическая политическая философия